

№ 8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйым МКҚК бойынша

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Өткізілген уақыты: 25.08.2026 жылы

Қатысқандар: меңгеруші, 9 педагог

Күн тәртібі:

№ 8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу. «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес балабақша қызметін өзін-өзі бағалау әлеуметтік нәтижелермен таныстыру, өзін-өзі бағалау дайындап желіге орналастыру.

Жауапты меңгеруші: Р.Т. Бисенова

Тыңдалды:

1. Меңгеруші Р.Т. Бисенова «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес балабақша қызметін өзін-өзі бағалауын өткізу жөнінде комиссия мүшелері құрылды. Бағалау рәсімін дайындау және өткізу жөнінде комиссия мүшелерінің құжаттар топтамасын қалыптастыру үшін ұжым тұтастай алғанда үлкен және сапалы жұмыс жүргізді. Педагогтарды өзін-өзі бағалау материалдарымен таныстырды, сонымен қатар ұйымның қызметін өзін-өзі бағалау бойынша жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

2. Тәрбиеші Сүленова А.К өзін-өзі бағалау критерийлеріне сәйкес балабақшада барлық жағдай жасалғанын, мектепке дейінгі ұйым жүйелі, сапалы жұмыс жасайды. Материалдық база жиһазбен, әдістемелік кешендермен, ойыншықтармен, дамытушы ойындармен жабдықталған.

3. Тәрбиеші Гетман Л.Т. балалардың дамуы үшін барлық жағдай жасалған, критерийлерге сәйкес өзін-өзі бағалаудың талдау нәтижелері бойынша комиссия мүшелері Р.Т. Бисенова комиссия төрайымы, комиссия мүшелері Гетман Л.Т., Сүленова А.К., Жайық А.Е., Бурханова Ж.Ж., білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауының қорытындысын шығарып, «жақсы» деңгей деп бағаланды. Барлық өткізілген бақылау жұмыстарының мәліметтері №8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйым МКҚК барлық педагог мамандар дайындаған материалдар балабақша сайтына жүктелді.

Шешімі: Балабақшаның қызметін өзін-өзі бағалау бойынша «жақсы» деңгейде деп танылсын.

№8 «Балбөбек» мектепке дейінгі ұйымы МКҚК

Меңгеруші **Р.Т. Бисенова**

Хатшысы: **Б.М. Рахипова**

